ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Фармацевттік өндірістің технологиясы» кафедрасы «Дәрілік түрлерді бөлшектеу және орамдауға арналған машиналар мен автоматтар» пәні бойынша дәріс		044-48/11 Стр. 32 из 61

Балаларға арналған ДТ мен МҚБ арнайы топқа бөлінген. Ол дәрінің дозалау, организмге енгізу ерекшеліктерімен сонымен бірге жасына байланысты балалар организмнің физиологиялық және психо-эмоциональды ерекшеліктермен байланысты болады.

№1 лекцияда балалардың арасындағы (әсіресе 2-3 жастағы балалардың дәрілермен улануы туралы айтылған). Ол тұтынушылық қасиеттерінің жақсартуына байланысты:

- әдемі сыртқы түрі;
- оңай ашылуы мен жабылуы;
- жағымды органолептикалық қасиеттері және т.б.

Соған байланысты педиатрияда қолданылатын ДТ-ге арнайы (ерекше) орауыштар зерттеп жыл сайын жаңасын шығарады. Олардың ерекшеліктері келесіде:

I. Сұйық және қою пероральды ДТ (шырындарды, ерітінділерді, суспензиялар мен эмульсияларды) көлеммен дозалардың дәлдігін жоғарлату;

II. Орауыштарды балалар ашпайтын, балалардан қорғайтын қондырғылармен (бекіткіштермен-затвор) қамтамасыз ету.

Мысалы, балаларға арналған сұйық және қою ішке қолданылатын ДТ-дің орауыштарына көмекші құралдар салынады: дозалайтын қасықтар, мензуркалар.

1 мл-ден қолданылатын сұйық ДТ келесі орауыш зерттеп шығарылған. Оның флаконның аузына салынатын тығындауыш қондырғысы келесі бөліктерден тұрады:

1. тыныштатқыш;
2. мензурка-тығын;
3. бұрап жабылатын қақпақ.

Сұйық ДТ мензуркаға тыныш құйылады, сонда 1 мл-ді дәл өлшеуге болады.

Орауыштардағы қолданылатын балалар ашпайтын бекіткіштерді әсер ету механизмне байланысты бірнеше топқа бөлуге болады:

а) құрастырылған бекіткіштер –бір баліктің шығынқысын екінші бөліктің шұңқырына келтірген кезде қана орауыштың қақпағы ашылып жабылады. Мысалы: винт оймасы бар флакондарға арналған бекіткіштің конструкциясы екі бөліктен тұрады: 1-сыртқы, қорғайтын қақпақтан және 2-флакон оймасына бұралатын ішкі қақпақтан (крышки). Сыртқы калпачокта фигуралық тесігі бар, оны ішкі қақпақтағы сондай фигуралық шығынқымен флаконды ашу үшін келістіру керек (совместить). Фигуралық тесік шығынқымен келістірілмеген түрде болу үшін калпачоктің ішкі төменгі жағында (канавкасы) арықшасы бар. Осы арықша (канавка) қақпақтың шығып тұрған төменгі жағымен әрекеттеседі, сол кезде калпачок қақпақтың үстінде бос екі жағына айналып тұрады, ал флакон жабық түрде қалады.

б) басып бұралатын бекіткіштер. Олардың ашуы негізгі бекіткіштің сыртқы қорғайтын колпачокін бір мезетте басып және бұрап орындалады. Осындай қондырғы сыртқы колпачоктан және ішкі қақпақтан тұрады, балалар оларды ашпайды. Колпачок қақпақтың сыртында бекітілген түрде болады, оның ішкі жағында серіппенің ролін атқаратын эластикалық пластиналар орналасады. Олар колпачоктағы шығынқылардың және қақпақтағы шұңқырлардың әрекеттесуін болдырмайды. Колпачокты басып бұрағанда оның ішкі шығынқысы қақпақтағы шұңқырына кіріп қақпақты бұрап ашады. Осындай бекіткіштер шет елдерде осы күнде кең қолданылады.

в) байонетті құлып принципі бойынша істейтін бекіткіштер даналы ДТ-лер салынған флакондар мен тубаларға жиі қолданылады. Мысалы, қақпақтағы шығынқылары флаконды жапқанда оның мойнындағы шығынқысын астында бекітіледі. Қақпақ флакон мойнына толық кіріп тұрады, оны бұрап шығаруға сыртқа шығып тұрған бөліктері жоқ. Қақпақты бұрап шығаруды тек қана көмекші құралдармен орындалуы мүмкін. Көмекші құралды қақпақтың сыртқы бетіндегі шмицке кіргізіп болған соң оны бұрап ашады.

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Фармацевттік өндірістің технологиясы» кафедрасы	044-48/11
«Дәрілік түрлерді бөлшектеу және орамдауға арналған машиналар мен автоматтар» пәні бойынша дәріс	Стр. 33 из 61

Осындай байонетті бекіткіш «Bayer and Co» фирмасы аспирин таблеткалары салынған арнайы пластмассты коробочкада қолданады. Осы коробочка сіріңке салынған коробкаға ұқсас екі бөліктен тұрады. Оны тек қана екі жанына қатты қысып ашуға болады, қысқан кезде пеналдың астындағы бекіткіш ілінетін жерден шығады. Коробочканың өзі орташа тығыздықтағы ПС-ден жасалынады, сонда оны қысуға тек үлкен адамның күші жетеді, баланың күші оған жетпейді.

г) қорғайтын калпачок көтерген кезде ашылатын бекіткіш. Калпачоктағы шығынқысын қақпақтағы шұңқырына келтіріп калпачокты көтередіде бұрайды, сол кезде калпачокпен бірге қақпақта бұралып ашылады.

д) контурлы ұяшықты орауыштарды қосымша нейлон немесе полиэстермен қаптайды. Содан оларды балалар ашалмайды. Ал ДТ-ді орауыштан алу үшін, алдын-ала қорғайтын қабатын алады арнайы кесілген жерінен арнайы тіл тәріздес шығынқыдан ұстап, содан соң кәдімгідей фольганы жыртып таблетка немесе капсуланы орауыштан алады.

ж) контурлы ұяшықты орауыштан балалар таблеткаларды (және т.б.) алмау үшін оны таблеткаларын ішке қаратып арнайы рамканың ішіне екі бүктеп салады. Рамка қатты ілгешекпен (тугая защелка) қамтамасыз етіледі, оны балалар ашалмайды.

Дәріні бір данадан шығаратын орауыштар.

Осы орауыштарға соңғы кезде тұтынушылар көп көңіл бөледі, себебі оларды жайсыз жағдайда қолдануға қолайлы, мысалы, жолға шыққанда, ауру бірден басталғанда және т.б. Жалпы айтқанда, осы топқа контурлы ұяшықты және ұяшықсыз орауыштарды жатқызуға болады, себебі дәрінің 1 дозасын қабылдаған кезде қалған дозалар бұзылмаған (ашылмаған) түрде қалады. Бірақ осындай орауыштардан (әсіресе ұяшықсыздан) керекті кезде дәріні тез және оңай алу гарантиясы жоқ (мысалы, аяқ астынан жүрек ауырған кезде). Осындай жағдайларға қалтаға салып жүруге арнайы пенальчик ұсынады.

а) мысалы, нитроглицерин таблеткаларын салуға арналған пенальчик (таблеткалардың Q 4 мм). Пенальчик цилиндр тәріздес түбі тығынмен жабылған түтік түрде болады. Оны түбі жағынан толтырады, себебі үстінгі жағы таблеткаларды тек қана біреуден шығару үшін тарылған канал түрде жасалынады, сыртынан ол қақпақпен жабылады, оның ішінде тек қана 1 таблетка орналасатын камера жасалынған. Камераға 1 таблетканы түсіру үшін, пеналды қақпақпен төмен қарату керек, содан соң пенальды қайта горизонтальді жағдайға келтіру керек: қақпақты алғанда, оның камерасында қабылдауға қажетті таблетка болады. Сонымен тұтынушы таблетканы қолына алмастан, қақпақты аузына аударып оны қабылдайды.

Жұмсақ капсулаларға арналған орауыштың айырмашылығы келесіде: осы пеналдың үстінгі тарылтылған түтігі гүл жапырақ сияқты екі қабырғадан және арасында кесігі (прорезь) бар бөліктен тұрады. Осы жапырақтардың арасында тек 1 капсула орналасады, жапырақтардың шығынқылары капсуланы түсіп қалуын болдырмайды. Тұтынушы пеналды аударып бір капсуланы жапырақтары бар түтікке өткізеді, содан соң оңай тістерімен немесе еріндерімен оны орауыштан шығарып ішке қабылдайды.

Ұқсас орауышты құрамында витаминдер немесе антигистаминді препараттары бар драже салынған флакондарға қолдануға болады. Осы жағдайда жапырақтары бар түтікті қақпақпен герметикалық жабылады.

Тұтынушыға қолайлылық жасау үшін контурлы ұяшықты орауыштар шығарылады. Оның майда ұяшықтарында дәрі (капсулалар, драже, таблеткалар) орналасады, ал үлкен ұяшықта-препаратты тасымалдауға арналған пенал. Тұтынушы өзі пеналды дәрімен толтырады.

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	
 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Фармацевттік өндірістің технологиясы» кафедрасы	044-48/11
«Дәрілік түрлерді бөлшектеу және орамдауға арналған машиналар мен автоматтар» пәні бойынша дәріс	Стр. 34 из 61

әр ұяшықта дәрінің бір данасы орналасқан диск түрдегі орауыштарды қолдану белгілі. Осы диск тесігі бар екінші дискімен жабылады. Оның тесігін дәріні сыртқа шығару үшін кезекпен бірінші дискідегі ұяшықтармен біріктіру керек.

Дәріні даналы түрде шығару үшін ашылатын тесікпен қамтамасыз етілген пеналдардың әртүрлі конструкциялары бар. Бірақ осы орауыштардың қолдануға қолайлы конструкциялары көп жағдайларда орамдалған өнімнің герметикалық жабылуан және тек 1 дозаны шығару гарантиясын қамтамасыз етпейді.

Герматиялық іс-тәжірибеге арналған орауыштардың өзінің спецификалық конструкциялары және дозалау мен қабылдау кездегі қателіктерді алдын –ала ескертуге арнайы сыртқы безендіруі бар. Оларға келесі жатады:

- алдын-ала ескертетін этикеткалар;
- пиктограммалар;
- «Doset P» -диспансері;
- Түсіндіретін салғыш парақтар.

Мысалы, алдын-ала ескертетін этикетка ретінде клофемин, аминазин, апрессин және т.б. препараттарды қабылдаған соң ортастатикалық коллапсты болдырмау үшін 1,5 сағат жату керек туралы жазылам қолданылады.

Пиктограммаға – орауыштың сыртына түсірілген әдемі безендірілген суреттер жатады, мысалы, конваллютаньң сыртында дәріні қабылдау уақытысын сағат циферблатының суреті бойынша көрсетіледі. Суреттер көмегімен дәрінің қабылдау басқа ерекшеліктерінде көрсетуге болады (тамақтың алдында, тамақтан соң). Сонда осы суреттер қабылдау кездегі қателіктерді болдырмайды және дәрінің максимальды эффективтілігін қамтамасыз етеді.

«Doset p» -диспансері-техникалық құрал немесе бетіншегі орауыш. Ол амбулаториялық жағдайда дәрілік препараттардың бір апта ішінде белгілі уақытта мосқал және қартты наукастардың қателіксіз қабылдауын қамтамасыз етеді. Ол 7 қатар түзетін 28 бөліктен тұратын пластикалық үлкен емес коробка (пенал) түрде шығарылады. Әр қатар аптаның бір күніне сәйкестенеді. әр қатарда 4 бөлігі (ұяшығы) бар. Олар мөлдір қақпақпен жабылады. Қақпақтарды жылжытып кезекпен бөліктердің бәрін ашуға болады. әр ұяшықтың үстінде жылжыған қақпақ сақылдатып тоқтайды. Диспансерді аптада 1 рет мед персонал немесе тұтынушы өзі толтырады.

Қосымша ақпаратты қағаздарда тұтынушыға арналған мәліметтер тек қана керекті минимум түрде болу керек.

Дегенмен, балалар және герматриялық медициналық іс-тәжірибеде арнайы бекіткіштері және арнайы есепке алғыш қондырғылары бар ерекше орауыштарды шығаруға талап етеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Дәрінің компоненттерін бөлек сақтауға арналған орауыштар.
2. Ылғалды сіңірілушілігі бар орауыштар.
3. ДҚ бір дозалық орауыштары.
4. Балалар емдік іс-тәжірибеде қолданылатын орауыштар.
5. Дәріні бір данадан шығаратын орауыштар.
6. Теріге арналған препараттардың орауыштары.
7. Аэрозольді орауыштар.
8. Аптечкалар және олардың компоненттері.
9. Орауыштардың басқа түрлері.

Әдебиет:

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	
 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Фармацевттік өндірістің технологиясы» кафедрасы	044-48/11
«Дәрілік түрлерді бөлшектеу және орамдауға арналған машиналар мен автоматтар» пәні бойынша дәріс	Стр. 35 из 61

1. Торланова Б.О. Машины и автоматы для фасовки и упаковки лекарственных форм. – Шымкент, 2003. – 166 с.
2. Тютенков О.Л., Филиппин Н.А., Яковлева Ж.И. Тара и упаковка готовых лекарственных средств. М.; Медицина, 1982 г.-128 с.
3. Новиков Е.Д. и др.. Автоматы для изготовления лекарственных форм и фасовки. - М.: Медицина, 1976 г.
4. Муравьев И.А. Технология лекарств -М.: Медицина, 1980 г. 1 том и 2 том -703 с.
5. Технология лекарственных форм. (Под ред. Кондратьевой Т.И.) – М.: Медицина. – 1991 г. – Том 2. -544 с.
6. Технология лекарственных форм. (Под ред. Ивановой Л.А.) – М.: Медицина. – 1991 г. – Том 1. -496 с.
7. Чуешов В.И. и др. Промышленная технология лекарств.– Харьков.– 2002.– в 2-х томах: 1-й том, 716 с., 2-й том, 557 с.

Дәріс № 9. Орауыштардың арнайы түрлері. Олардың ерекшеліктері. Машиналар мен автоматтар.

Теріге жағылатын препараттардың орауыштары.

Қазіргі кездегі біздің өнеркәсіптегі иод, бриллантовый көк спиртті ерітінділер капрон тығынмен және оймасы бар қақпақпен жабылған немесе резина тығынмен және оймасы бар қақпақпен жабылған немесе резина тығынмен және алюминий колпачокпен айналдыра жабылған шыны флакондарда шығарылады. Осындай флакондардың ашуы қиын және қолданған кезде қиындық туғызады, себебі тұтынушы өзі тампон жасау керек. Қолданып болған тампонды екінші рет флакондағы препаратқа батырғанда ерітіндіге инфекция түсіп ол ластанады. Шет елдерде осындай дәрілерді қолдану үшін дайын бір рет қолданылатын тампондар өндірісте шығарылады. Бірақ олармен қолдану қолайсыз.

Парфюмерия өнеркәсіпте косметикалық препараттарды теріге жағу үшін орауыштардың бірқатары белгілі, мысалы, дезодоранттардың шарикті орауыштар, қақпақтың ішіне бекітілген жаққыш (кисточка) бар арнайы орауыштар (лак для ногтей, блеск для губ), теріге жағылатын карандаштар (каламдар). Бірақ оларды тек қана зақымдалған емес теріге қолдануға болады.

«Прогрес» ЛНПО-сында зақымданған теріге жағылатын сұйық препараттарға арналған арнайы орауыш зерттеп шығарылған. Ол полимерлі тығынмен жабылған шыны флаконнан тұрады. Пробканы флаконда тығыз және герметикалық жабылу үшін флаконның мойнын сыртқы жағынан қатты ұстайтын тартып кигізілетін фланецпен қамтамасыз етеді. Пробканың үстінгі жағы таратылған ұшы бар эластикалық баллончик түрде жасалынған. Таратылған ұшы дәнекерленген болады (ААБ) және оның сыртында кедір-бүдірлері бар. Баллончик төменгі жағында кесігі бар калпачокпен жабылады. Тұтынушы флаконды ашып, ұшын кесіп кедір-бүдір бөліктің сыртына мақта орап, флаконды аударып, эластикалық баллончикті қолымен шамалы қысады. Керекті жағдайға дейін сұйық препаратпен ісінген тампонды зақымдаған теріні өңдеуге қолданылады. Содан соң колпачоктағы кесік көмегімен тампонды алып тастайды. Сонда флакондағы ерітінді ластанбайды және инфекцияға ұшырамайды.

Аэрозольды орауыштар.

Үлкен жайылғандық және кең қолдануды аэрозольды орауыштар тапқан. Олардың құрамына дерлік (почти) барлық фармакологиялық топтардың препараттары қолданылады, себебі оларды АШТ (ЖКТ) –тысының жолдарынан өткізбей бірден тыныс жолдарына пульмонологияда ингаляция түрінде, гинекологияда-вагинальды көпіршік

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	
 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Фармацевттік өндірістің технологиясы» кафедрасы	044-48/11
«Дәрілік түрлерді бөлшектеу және орамдауға арналған машиналар мен автоматтар» пәні бойынша дәріс	Стр. 36 из 61

түрінде, сыртқа-душ түрінде жараларға, әсіресе күйіктерге, балалар емдік іс-тәжірибеде пленка түзгіш құрал түрінде және т.б. мақсаттармен қолдануға болады.

Адамның тіршілік әрекетінің әртүрлі сфераларда бірқатар артықшылықтарына байланысты (қолдану ыңғайлылығы, ауыртпаушылық, жоғары гигиеналығы, дозалау қарапайымдылығы, тану құралдарды алмастыру мүмкіндігі және т.б.) аэрозольдер орауыш ретінде жетістікті ендіруді қамтамасыз етті.

Аэрозольды орауыш дәрілік препаратпен және пропеллентпен толтырылған, арнайы шашыратқыш клапанмен қамтамасыз етілген құты болып көрінеді. Пропеллент көмегімен баллончиктің ішінде 2-8 атмосфераға дейін артық қысым түзіледі, сондықтан шашыратқыш клапан арқылы дәріні шашыратқанда бөлшектердің 100-150 мкм-ден 5-10 мкм-ге дейін дисперстік дәрежеге жетуге болады.

Қазіргі кезде сұйық препараттармен қатар жұмсақ ДТ-ге және ұнтақтарға да аэрозольды орауыштар зерттеп шығарылған.

- а) аэрозольды орауыштан дәрінің бағытталған ірі және ұсақ дисперсті ағында шығаруын;
- б) орауыштың клапанын тек қана бір рет басқанда дәріні дозаланған түрде шығаруын қамтамасыз ететін клапанды жүйелер зерттеп жасалынған.

ДҚ негізінде полимерлі қабықшамен қапталған шыны флакондарда шығарылады. Алюминий баллончиктер көбінесе парфюмерия, косметика, тұрмыстық және өндірістік химияның құралдары үшін қолданылады. Бірақ жылдан жылға қарай аэрозольды орауыштарда шығарылатын медициналық препараттардың номенклатурасы кеңейіп жатыр. Бір мезетте аэрозольды баллончиктерді жасауға келетін жаңа материалдарды іздеуге және аэрозольды орауыштарды жетілдіруге арналған көп зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Соның арасында 4 негізгі бағытты белгілеуге болады:

1. құрамына фтор кірмейтін пропеллентерге немесе сығылған газдерге фреондарды алмастыру (себебі фреондар атмосфераның озон қабатын бұзады-ыдыратады);
2. екі камералық баллондарды қолдану. Олардың ішіндегі пропеллент өнімнен арнайы мембрана көмегімен бөлек орналасады, тек қана қысым туғызатын күш ретінде қолданылады және дәрілік өнімді орауыштан шығарған кезде ортаға жіберілмейді;
3. насоа типті механикалық шашыратқыштары бар орауыштарды зерттеп шығару;
4. сығылатын баллондарды зерттеп шығару

I-ші бағыттығы зерттеулер бойынша әлі фреон алмастыратын пропеллент табылмаған. Қаныққан парафин көмірсутектердің жанғыштығы олардың кең қолдануын рұқсат етпейді. Сығылған газдердің (N, Ar, CO₂) қолдануы кейбір жағдайларда тиімсіз, себебі олар еріткіштердің көбісінде, суда, сұйық дәрілік препараттарда (өте аз) ериді және бір орауыштың қолдану толық мерзіміне керекті қысымды қамтамасыз етпейді, яғни препараттың кейбір бөлігі баллончиктің ішінде қолданылмай қалып кетеді, себебі баллончиктегі қысым қолданған сайын төмендейді, ақырында қалған препаратты сыртқа шығаруға мүмкіндік болмайды.

II-ші бағыт бойынша келесі анықталған: 2-камералық аэрозольдық орауыштың өзінің бағасы және оны жасау өндірістің бағасы ұлғаяды, себебі оның конструкциясы өте күрделі және оның толтыру процессі күрделі және қиын болып келеді. Сонымен бірге осындай орауыштарда шашыратудың керекті дисперстігін қамтамасыз ету қиын, бірақ оларды тұтқырлығы жоғары препараттарға қолдануы жетістікті болады (пасталарға, кремдерге, жағар майларға).

III-ші бағыт бойынша сығылатын баллончиктер полимерлі тубиктермен ұқсас болады. Олардың үлкен кемшілігі бар: балончиктің ішіндегі өнімнің қолданған кезде тазалығы және стерильдігі бұзылады, себебі әр келесі порцияның шығаруын қамтамасыз ету үшін баллон қысқаннан соң оны қайта қысады. Баллончик бастапқы қалыпына қайта келгенде

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Фармацевттік өндірістің технологиясы» кафедрасы	044-48/11
«Дәрілік түрлерді бөлшектеу және орамдауға арналған машиналар мен автоматтар» пәні бойынша дәріс	Стр. 37 из 61

шашыратқыш қондырғы арқылы орауыштың ішіне ауа сорылады. Алегерде осындай баллондарды арнайы ауа тазалайтын фильтрлермен қамтамасыз етсе, орауыштың бағасы дәрінің бағасынан жоғары болып кетеді.

IV-ші бағыттың жұмыстары едәуір перспективті болады. Осы жұмыстар орауыштың өзіне бекітілген насосты жүйе көмегімен дәріні (өнімді) шашыратып шығаратын орауыштарды зерттеп жасаумен байланысты. Осындай орауыштың ішінде қысым туғызатын активті заттар болмайды. Оларды кнопкаға жай әншейін басып іске кіргізеді. Шашырату сапасы (дисперстік дәрежесі) тек қана орауыштың конструктивті ерекшеліктеріне және жүйені қолдану тәсіліне байланысты (тәуелді).

Қазіргі кездерде шет елдерде насостардың екі жүйесі қолданылады:

- алдын-ала қысусыз;
- алдын-ала қысумен.

Екінші жүйе тұтынушыға тәуелсіз шашыратудың жоғары сапасын қамтамасыз етеді.

Насосы бар аэрозольды орауыштардың негізгі артықшылықтары:

- орауыштың ішінде қымбат активті заттың (фреонның) керек еместігі;
- өнімнің сапасын сақталу жоғарлығы, себебі өнім бөтен заттармен (пропеллентпен) қатынаспайды;
- орауыштың едәуір тиісті формасын жасау мүмкіндігі. Пропелленттер қосылған орауыштардың формасы әдетте цилиндр немесе конус түрде болады;
- насосы бар орауышта дайын өнімнің сақтау қарапайым және арзан болады;
- бөлшектеу мен тығындау процессінің өзі қарапайым және оның өнімділігі жоғары болады;
- орауышты ішіндегі өнімі таусылғанда тікелей міндетпен қайта көп рет қолдану мүмкіндігі, ал пропеллентісі бар аэрозольды баллондарды қолданып болғанда тастау керек;
- құтының ішкі көлемі едәуір эффективті пайдаланылады, себебі кәдімгі аэрозольды баллондарды 70%-ке дейін көлемінде пропеллент орналасады, немесе екінші (пропеллентісі бар) камера орналасады;
- микронасостың өзі әдетте тығындаушы құралдың (қапқақ) ішінде жасалынады. Ол сыртынан қорғайтын қалпачокпен жабылады, қолданудың белгілеген кескіштер бойынша тұтынушы оны сындырып алу керек (ААБ);
- осындай орауыштың қолдануында қарапайым, поршеньнің шток саусақпен басқан кезде насос іске кіріседі;
- осындай насос көмегімен орауыштың ішінде 2,5-нан 5,0 атмосфераға дейін қысым түзуге болады.

Бірақ олардың кемшіліктерінде бар:

- кәдімгідей аэрозольды орауыштармен салыстырғанда олардың конструкциясы күрделі болғандықтан бағасыда жоғары болады;
- қатты заттардың мөлшері өте жоғары суспензияларға, пленка және көпіршік түзгіш препараттарға оларды қолдануға мүмкіндігі жоқ;
- тұтынушыға бірнеше қиындық бар, мысалы, үлкен беттік аудандарға қолданған кезде кнопкаға 20-30 рет басу қажет, ал аэрозольды орауышта тек қана 1 рет ұзақ басу керек.

Осындай орауыштар қазіргі кезде парфюмерияда және тұрмыстық химияда кең қолданылады, кейбір фармацевттік препараттарға жетістікті қолданылады (стоматологияда, диагностикада анестетик-препараттарға).

Балалар аэрозольды орауыштармен қолданбау үшін оларды ілгешек түріндегі бекіткіші бар (защелка) қорғайтын қапқақпен жабады.

Орауыштардың басқа түрлері

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	
 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Фармацевттік өндірістің технологиясы» кафедрасы	044-48/11
«Дәрілік түрлерді бөлшектеу және орамдауға арналған машиналар мен автоматтар» пәні бойынша дәріс	Стр. 38 из 61

1. Пробиркалар немесе түтіктер. Олар даналы ДТ-ге (драже, капсулалар, таблеткалар үшін) орауыш ретінде қолданылады. Металдық пробиркалар ОСТ 64-7-142-75 бойынша жасалынады (мойнында сыртқы оймасы бар және оймасы 11-ден 30 мм-ге дейін алты диаметрде, 30-дан 100 мм-ге дейінгі ұзындығы бар түрде). Оларға арнайы тығындайтын қалпачоктар шығарылады. Металл пробиркалар мен қалпачоктердің ішкі бетін БФ-2 клеймен, сыртқы беті эмальмен қапталған болады. Пробирканың сыртына эмальдің үстіне тікелей жазу түсіріледі немесе этикетка жабыстырылады. Пробиркаларды жасау күрделілігіне байланысты олардың металл түрлері қазір кең қолданылмайды. Көбінесе пробиркалар шыныдан және полимерлі және пластмассты материалдардан жасалынады. ААБ-ды қамтамасыз ету үшін қалпачоктар мен тығындарды жабысқақ лентамен немесе қағаз лентамен көлденең бекітеді.

2. полиэтилен пакеттер сусымалы ДТ-ге және МҚБ-ға қолданылады. ОСТ 64-7-147-75 бойынша пакеттердің 4 типтері шығарылады (ААБ).

3. өнеркәсіпте қазір амортизациялық элементтері бар пробиркалар мен флакондарға арналған әртүрлі тығындауыш құралдар шығарылады. Осы элементтерді орауыштың ішіндегі таблеткалар мен дражелердің араласпауын болдырмау мақсатпен қолданылады. Олар жапырақтар, спираль түрдегі серіппе, сильфончик және басқа конструкцияда жасалынады. Осындай амортизаторлардың жасауын механизациялауға жеңіл болады және фарм.өнеркәсіпте кең қолдануға қазығушылық тудырады.

4. соңғы жылдарда өнеркәсіптің әртүрлі салаларында қатты төсегіштегі контурлы орауыш (шет елдерде оны «скин» -орауыш деп атайды) көптеп (өте жиі) қолданылады. Ол вакуумдық қалыптау әдіспен жасалынады. Бұл кезде орамдалатын бұйымды қатты төсегішке орналастырады. Жиірек қатты төсегіш ретінде термоклеймен қапталған картон қолданылады, оның үстіне пленка жабылады. Пленка қыздырған соң және вакууммен өндеген соң ол орамдалынатын бұйымды тығыз қаптайды, төсегішпен қатынасқан жерлерінде пленка картонға жабысады. «Скин»-орауыш басқа орауыштармен салыстырғанда келесі артықшылықтарға ие:

- ол бұйымның формасын көшіретін арнайы матрицаларды қолдану талап етпейді, себебі бұйымның өзі матрица түрінде болады. Осы қасиет әсіресе формасы күрделі бұйымдарды орамдау кезінде өте маңызды;
- орамдалған бұйым төсегішке тығыз жабысады, сонда тасымалдау кезінде жылжамайды;
- бір мезетте осы орауыштар жақсы жарнамалық қасиетпен сипатталынады;
- контурлы ұяшықты орауышпен салыстырғанда «скин»-орауыштың бағасы едәуір төмен;
- орауыштың осындай түрін тану құралдардың (бинттер, тану пакеттер, мед.инструменттер, МҚБ) орамдауында қолдануға болады.

«Скин» - орауыш азық-түлік өнімдерді вакуум астында орамдау үшін кең қолданылады.

Осындай орауышқа Р-10 маркасының қалыңдығы 0,15 мм пленка немесе рулонды ингибирилген ПЭ пленкасы және А маркасының қалыңдығы 0,7-0,9мм картон қолданылады.

5. тану құралдарды пергамент қағазға орамдайды және шеттерін клеймен бекітеді. Оларға орауыш ретінде ламинирлен қағаздан жасалынған пакеттер қолданылады. Орамдау операция арнайы автоматта жүреді.

6. пластырлердің орамдауын №5 лекцияда берілген.

Аптечкалар және олардың компоненттері.

Сәтсіз оқиға болған жерде бірінші медициналық көмек (БМК) беру қажеттігі құрамына БМК беруге арналған дәрілік препараттар, тану құралдар және МҚБ кіретін арнайы

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Фармацевттік өндірістің технологиясы» кафедрасы	044-48/11
«Дәрілік түрлерді бөлшектеу және орамдауға арналған машиналар мен автоматтар» пәні бойынша дәріс	Стр. 39 из 61

комплектер мен жинақтардың (наборы) шығаруы себептелді. Осы мақсатпен бүкіл барлық елдерде «аптечка» деп аталатын медициналық комплекттер шығарылады:

- жүргізушілерге арналған;
- ана мен балаға арналған;
- универсальды аптечка (бірінші көмектің аптекасы);
- жеке (индивидуальды): оларды радиациямен, немесе улы заттармен немесе бактериальды құралдармен зақымдаған кезінде қолдану қажет;
- спорттық дәрігерге арналған аптечка (медициналық);
- 30 адамға есептелген құтқарушы қайықтар мен салдарда қолданылатын арнайы аптечкалар және т.б. түрлері.

Аптечкалар өздері қолдан жасалынған теріден (кожа), картон, металдан және пластмассадан орындалған футлярларда шығарылады. Олардың құрамына негізінде келесілер кіреді:

- жүрек ауырғанда қолданылатын құралдар;
- бұлшық етті шығаруға, ұйқысыздыққа қарсы қолданылатын құралдар;
- неврология, мигреньге қарсы қарсы қолданылатын құралдар;
- жоғары температураға қарсы қолданылатын құралдар;
- ауырсынуды басатын құралдар;
- тамақты (горло), жараларды шаюға арналған ерітінділерді дайындау үшін қолданылатын құралдар;
- антисептикалық құралдар;
- тану құралдары (бинттер, мақта, жегут, стерильді салфеткалар, бактерицидті лейкопластырь);
- міндетті түрде футлярға салынған немесе орамдалған МҚБ (термометр, пипетка, бір реттік шприцтер және т.б.).

Аптечкалардың ішіне міндет түрде оның компоненттерін дұрыс қолдану және сақтау туралы қосымша ескерткіш (памятка инструкция) салынады.

Бақылау сұрақтары:

- 1.Теріге жағылатын препараттардың орауыштары.
- 2.Аэрозольды орауыштар.
- 3.Насосы бар аэрозольды орауыштардың негізгі артықшылықтары:
- 4.Орауыштардың басқа түрлері
- 5.Аптечкалар және олардың компоненттері.

Әдебиет:

1. Торланова Б.О. Машины и автоматы для фасовки и упаковки лекарственных форм. – Шымкент, 2003. – 166 с.
2. Тютенков О.Л., Филиппин Н.А., Яковлева Ж.И. Тара и упаковка готовых лекарственных средств. М.; Медицина, 1982 г.-128 с.
3. Новиков Е.Д. и др.. Автоматы для изготовления лекарственных форм и фасовки. - М.: Медицина, 1976 г.
4. Муравьев И.А. Технология лекарств -М.: Медицина, 1980 г. 1 том и 2 том -703 с.
5. Технология лекарственных форм. (Под ред. Кондратьевой Т.И.) – М.: Медицина. – 1991 г. – Том 2. -544 с.
6. Технология лекарственных форм. (Под ред. Ивановой Л.А.) – М.: Медицина. – 1991 г. – Том 1. -496 с.
7. Чуешов В.И. и др. Промышленная технология лекарств.– Харьков.– 2002.– в 2-х томах: 1-й том, 716 с., 2-й том, 557 с.

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Фармацевттік өндірістің технологиясы» кафедрасы «Дәрілік түрлерді бөлшектеу және орамдауға арналған машиналар мен автоматтар» пәні бойынша дәріс		044-48/11 Стр. 40 из 61

Дәріс № 10. Орамдау жұмыстардың механизациялау мен автоматтандыру. ДДҚ өндірісіне арналған арнайы технологиялық жабдықтардың жіктелуі.

Лекция жоспары:

1. ДДҚ өндірісіне арналған арнайы технологиялық жабдықтардың жіктелуі.
2. ДДҚ дайындау принципіальді схемасы (сатылар бойынша).

1. Алдын-ала қолданылатын терминдердің мағынасын білу қажет:

Механизациялау– (греч.mechano-машина, құрал) еңбектік қолдық құралдарды машиналар мен механизмдерге алмастыру. Механизациялау жартылай және толық (комплексі) түрде болады.

Автоматтандыру – энергия, өнім немесе ақпараттарды алу, өзгерту, беру және қолдану процестерде тікелей қатынарудан адамды жартылай немесе толық босататын техникалық құралдарды, экономика-математикалық әдістерді және басқару жүйелерді қолдануды автоматизация деп атайды.

Автоматизациялаудың мақсаттары:

- Өндірістің өнімділігін және еңбектің эффективтілігін жоғарлату;

ДДҚ өндірісіне арналған арнайы технологиялық жабдықтардың жіктелуі.

ДДҚ өндірісінде қолданылатын арнайы технологиялық жабдықтарды келесі белгілердің біреуі бойынша жіктеуге болады:

- Оның ішінде өтетін процесстің сипаттау бойынша (үздікті немесе үздіксіз істеу);
- Жабдықта өтетін процесстің механизмі бойынша: жылу алмасу, масса алмасу, механикалық және т.б.;
- Конструктивті-белгі бойынша-роторлы, линейлі және т.б.;
- ДДҚ-дың тобына байланысты (сұйық, жұмсақ, қатты сусымалы немесе престелген және т.б.);
- ДДҚ тара мен орауыштың түрі бойынша (біріншілік, екіншілік, транспортты);
- Өнімді жабдыққа салу немесе одан алып (выгрузка) түсіру әдісі бойынша (қолмен немесе механизацияланған түрде);
- Басқару тәсілі бойынша (қолмен немесе дистанционды және программа арқылы автоматты басқару); және басқа белгілер бойынша.

Іс-тәжірибеде осы белгі бойынша (признак) әр қайсы ДДҚ өндірісінде қолданылатын жабдықтардың бөлек түрлерін жіктелеу үшін пайдалануға болады. Осы кезде эксплуатациялау, есептеу, модельдеу, конструирлеу берілген жеке жағдайда ең маңызды белгісі (признак) –негізгі белгі болып саналады. Осы себепті жіктелгенде жабдықтың бір түрін әртүрлі топтарға жатқызуға болады. Мысалы, пленка мен фольгадан тұратын контурлы ұяшықты орауыштарға орамдайтын автомат:

- Таблеткалар үшін қолданған кезде (біріншілік орауышқа орамдау) олардың тазалығына және т.б. жоғары (қатан) талаптар қойылады;
- Ампулалар үшін қолданған кезде (топтық орауышқа орамдау) олардың тазалығына және герметикалығына қойылатын талаптар қатаң емес.

Арнайы технологиялық жабдықтарды жіктелу міндеттері:

а) Орауыштардың қолданылатын түрлерін ескертіп қабылдауға дайын препараттардың жеке түрлерін жасауға пайдаланатын машиналарды, автоматтарды және автоматты линияларды көз алдында көру үшін арнайы технологиялық жабдықтардың осындай жіктелуі өте маңызды болады.

б) ДДҚ өндірісінде толық циклді комплексті механизациялау мен автоматтандыру үшін машиналардың жүйелерін зерттеп шығарудың міндеттерін анықтауға осындай жіктелу өте маңызды.

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Фармацевттік өндірістің технологиясы» кафедрасы	044-48/11
«Дәрілік түрлерді бөлшектеу және орамдауға арналған машиналар мен автоматтар» пәні бойынша дәріс	Стр. 41 из 61

ДДҚ дайындау (жасау) принципіальды схемасы.

Б	А	В
I саты	II саты	III саты
	IV саты	V саты
		Дайын өнім
VI саты	VII саты	VIII саты

А- Орауыш материалдар;

Б – Көмекші материалдар (краска, клей, скобки және т.б.);

В – Орауыш құралдар;

Көрсетілген принципіальды схемада ДДҚ жасау толық процесс шартты түрде технологиялық сатыларға бөлінген. Осындай бөлудің мақсаты-жабдықтардың детальдары мен тараптарына (узел) унификациялауды және стандартизациялауды өткізу үшін, жабдықтардың типажын және параметрлеуді зерттеп шығару үшін, жабдықтарды есепке алу үшін керекті жалпы технологиялық белгімен біріктірілген топтарға жабдықтарды жинақтау.

Унификациялау- (лат. Unus-бір, + фиксация), функциональды міндеттері бірдей объекттердің саны рациональды түрде қысқарту, техникада өнімнің әртүрлі түрлерді және оның өндірісіндегі қолданылатын құралдарды типтеріне, өлшемдеріне, маркаларына, қасиеттеріне және т.б. байланысты минимальды санына келтіру процессті унификация стандартизациялаудың бір әдісі болып саналады.

Өндірістің I-ші саты «Дәрілік құралды дайындау». Осы сатыда ерітінді, жағар май, ұнтақ, таблеткалық масса және т.б. түрде ДҚ алу мақсатпен бастапқы дәрілік және көмекші заттардың өңдеуі орындалады. I-ші сатыда дәрілік құрал ретінде адамның немесе жануардың ауруларын емдеу, профилактика немесе диагностика жасау мақсатпен қолдануға белгілі ретінде рұқсат етілген фармакологиялық құралды атайды. Дәрілік құралдарды жасау үшін I-ші сатының машиналардың комплексі қолданылады: мысалы,

- ерітінділерді дайындауға қолданылатын жабдықтар;
- жағар майларды дайындауға қолданылатын жабдықтар;
- суппозиториялық массаны дайындауға қолданылатын жабдықтар және т.б.;

Өндірістің II-ші сатысы «ДТ-ді» дайындау . Дайындалған ДҚ-л I-ші сатыдан II-ші сатыға жіберіледі. II сатыда одан ДТ (дәрілік препарат) дайындайды. Керекті емдік эффектін жеткізетін, қабылдауға ыңғайлы жағдайға дәрілік құралды келтіру процессін –ДТ-ді дайындау деп атаймыз. Мысалы, ұнтақтарды қағаз немесе желатинді капсулаларға бөлшектеу, жағар майларды тубаларға, шыны құтыларға орамдау, массадан суппозиторийлерді қалыптау, таблеттейтін массадан таблеткаларды пресстеу, ерітінділерді ампулаларға құю және т.б.

ССРО кезіндегі Денсаулық сақтау министрлігімен бекітілген терминологиясы бойынша белгілі ДТ-дегі ДҚ-ды дәрілік препарат деп атауға болады (атаймыз).

II-ші сатының процесстері ДҚ-дардың дозалау операцияларын орындаумен яғни ДҚ бір дозасын (порциясын) орауыштың бір түріне орамдаумен байланысты.

Өндірістегі осы сатының келесі сатылардан ажырататын белгі ретінде көп жағдайда ДҚ-дың дозасы мен орауыштың материалдың арасындағы тікелей қатынасу болады. Осындай орауышты біріншілік орауыш деп атаймыз.

II-ші сатының машиналар комплексіне жатады:

- ампулаларды толтыруға және дәнекерлеуге арналған жабдықтар;
- роторлы таблеттейтін машиналар;
- драждейтін қазандар;

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Фармацевттік өндірістің технологиясы» кафедрасы	044-48/11
«Дәрілік түрлерді бөлшектеу және орамдауға арналған машиналар мен автоматтар» пәні бойынша дәріс	Стр. 42 из 61

- «Драйкота» және басқа таблеткалардың сыртына қабықша түсіретін машиналар;
- Жұмсақ (жартылай жұмсақ, жартылай қатты) желатинді капсулаларды жасауға арналған автоматтар;
- «Франко-Креспи» массадан суппозиторийлерді қалыптауға арналған автоматы;
- Жағар майлармен тубаларды толтыратын автомат;
- Аэрозольды баллондарды ДТ-пен препарат және пропеллентпен толтыру және тығындауға арналған жабдықтар және т.б.

Осы сатыға ДТ-ді біріншілік орауышқа орамдайтын технологиялық жабдықтарды (бөлшектеу мен орамдауға арналған автоматты линиялар) жатқызу тиісті.

Өндірістің III-ші сатысы «ДДҚ дайындау». Осы сатыда ДДҚ дайындалады, яғни ДТ-ді тұтынушылық орауышқа орамдау, керекті ақпараттық мәліметтермен, ашуға немесе дозалауға арналған қондырғылармен қамтамасыз ету. Дегенмен, осы комплексті (ДТ-дің белгілі дозасынан (порциясынан) және тұтынушылық орауыштан тұратын) ДДҚ деп атайды. Мысалы, ПВХ-пленкаға және алюминий фольгаға орамдалған 10 таблеткалар (немесе ламинирленген қағазға), тубадағы жағар майдың 5 г, флакондағы 50 мл ерітінді және т.б. Сонымен қатар керекті кезде инструкциясымен бірге картон пачкаға салынған.

III-ші сатының машиналар комплексіне жазу түсіретін, орауыштарға этикеткаларды жабыстыратын біріншілік орауышты екіншілікке орамдайтын жабдықтарды жатқызуға болады.

Өндірістің IV-ші сатысы «ДДҚ топ түрде орамдау». Осы сатының машиналар комплексіне жоғары температурада тартылатын пленкаға ДТ-тар салынған картон пачкаларды (пеналдарды) орамдайтын автоматты, картон қорабқа пачкаларды реттеп салатын автоматты линияларды және басқа ұқсас техниканы жатқызуға болады.

Өндірістің V-ші сатысы «ДДҚ транспортты орауышқа орамдау». Осы сатыда өнімді транспортты тараға орамдайды. Осындай орауышты жасау үшін көп жағдайда жеңіл және азық-түлік (пищевая) өнеркәсіптерге және тұрмыстық (бытовой) приборларды орамдайтын сериямен шығарылатын орауыш машиналарды қолдануға болады.

ДДҚ мен МКБ өндірісінде кейбір жағдайларда транспортты тара ретінде топтық тара қолданылады (мысалы, картон қорабтар, гофрокартоннан жасалынған қорабтар және т.б.).

Өндірісті технологиялық сатыларға бөлу және сәйкес машиналар комплекстерін бөліп біріктіру шартты болып келеді, себебі қазіргі кезде қолданылатын тасқынды-механизациялық (автоматты) линияларда сатылардың шекарасы анық білінбейді. Өндірістің әр сатысында қолданылатын машиналардың әртүрлі конструктивті және басқа жіктелу белгілері бойынша жіктелуді өткізгенде машиналарды бөлек топтарға бөліп біріктіруді талап етеді. Сонда топтың ішінде едәуір детальді жіктелуін беріп осы талапты орындауға болады.

Өндірістің шартты VI-шы сатысы «Көмекші шикі заттарды, орамдауыш және тығындауыш материалдарды өңдеу». Осы сатыда көмекші материалдарды жасау, дайындау (өңдеу) орындалады, мысалы, шыны дrottан ампулаларды жасау, дистилденген және деминерализацияланған суды алу, орамдауыш құралдарды жасау (картоннан пачкаларда кесіп алу) және т.б.

Өндірістің шартты VII-ші сатысы «Транспортты құралдармен байланыстар». Осы сатыда шартты түрде бір топқа транспортты тиеуші және жүк түсіруші құралдарды біріктіруге болады.

Өндірістің шартты VIII-ші сатысы «Өндірістің бақылауы (приборлар мен қондырғылар)». Осы сатыда бір топқа бақылау-өлшейтін приборлармен қондырғыларды біріктіруге болады.

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Фармацевттік өндірістің технологиясы» кафедрасы	044-48/11
«Дәрілік түрлерді бөлшектеу және орамдауға арналған машиналар мен автоматтар» пәні бойынша дәріс	Стр. 43 из 61

Бірақ ескерту керек VII- VIII сатыларда қолданылатын жабдықтар негізгі (I- V) сатылардың біреуінде пайдаланса, олардың жіктелуі қосымша дәлелдеуді талап етеді.

Өндірістің I-ші сатының машиналар комплексінің жіктелуін өткізгенде жабдықтарды топтарға бөлу (немесе біріктіру) үшін технологиялық белгіні қолдану қажет, яғни орындалатын процессіне немесе дәрілік және көмекші заттарды өндеу тәсіліне байланысты. Жабдықтарды топтың ішінде ары қарай бөлу үшін негізгі белгі ретінде дайындалатын ДФ-ның түрін және тобын (№2 лекцияда берілген кесте бойынша) қолдану тиісті.

II- V сатыларда арнайы технологиялық жабдықтарға келесі жіктелуін қолдану тиіс: орауыштың түріне байланысты бірдей (немесе ұқсас) конструктивті белгілері бар жабдықтарды міндеттері бірдей жалпы топтарға біріктіру тиіс. Өндірістің осы технологиялық сатыларда қолданылатын жабдықтар дәл мамандандырылған болады.

Олар тек қана химия-фармацевттік өнеркәсіптің қажеттілігіне байланысты зерттеп шығарылады және өндірісте жасалынады.

Арнайы технологиялық жабдықтар – АТЖ. ДДҚ өндірісінің II- V сатыларында қолданылатын АТЖ-дың жіктелуі.

Осы жіктелуде ДДҚ өндірісіндегі II- V сатыларында қолданылатын АТЖ-тар көрсетілген, яғни ДТ дайындау (алу), бөлшектеу және орамдау (яғни дайын өнім алуға дейін) үшін пайдаланатын машиналар мен автоматтар.

Келесіде берілген кестеде АТЖ-дың жіктелудің принципі қана көрсетілген, ол толық болмау мүмкін, бірақ оны қарастырғанда АТЖ-дың бөлінген топтардың және тара мен орауыштардың түрлерінің арасында байланысын табуға болады.

Кесте .

Өндірістің сатысы	Тара мен орауыштың түрі	АТЖ-дың тобы
1	2	3
II	0.9. Тара мен орауыштар қолданбайды	0.9. Қатты ДТ-ді жасауға арналған жабдықтар: 0.9.1 Таблеткаларды престеуге арналған жабдықтар. 0.9.2 Таблеткаларды қабықшамен қаптауға арналған жабдықтар. 0.9.3 Таблеткаларды шаңсыздатуға арналған жабдықтар. 0.9.7 Таблеткаларды бақылауға арналған жабдықтар 0.9.9 Комплексі жабдықтар мен автоматты линиялар.
	1.0 Шыны тара 1.1 Шыны ампула	1.1 ампулаларды жуу, толтыру, дәнекерлеу және стерильдеуге арналған жабдықтар: 1.1.1. ампулалардың сыртын және ішін жууға арналған жабдықтар; 1.1.2. ампулаларды кассеталарға салуға арналған жабдықтар 1.1.3. ампулаларды толтыруға арналған жабдықтар: а) ұнтакпен; б) ерітіндімен. 1.1.4. а) ұнтақты кептіруге; б) ерітіндіні капиллярдан ампуланы ішіне басып кіргізуге арналған жабдықтар;

Бақылау сұрақтары:

1. ДДҚ өндірісіне арналған арнайы технологиялық жабдықтардың жіктелуі.
2. ДДҚ дайындау принципіальді схемасы (сатылар бойынша).

Әдебиет:

1. Торланова Б.О. Машины и автоматы для фасовки и упаковки лекарственных форм. – Шымкент, 2003. – 166 с.
2. Тютенков О.Л., Филиппин Н.А., Яковлева Ж.И. Тара и упаковка готовых лекарственных средств. М.; Медицина, 1982 г.-128 с.

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Фармацевттік өндірістің технологиясы» кафедрасы «Дәрілік түрлерді бөлшектеу және орамдауға арналған машиналар мен автоматтар» пәні бойынша дәріс		044-48/11 Стр. 44 из 61

3. Новиков Е.Д. и др.. Автоматы для изготовления лекарственных форм и фасовки. - М.: Медицина, 1976 г.
4. Муравьев И.А. Технология лекарств -М.: Медицина, 1980 г. 1 том и 2 том -703 с.
5. Технология лекарственных форм. (Под ред. Кондратьевой Т.И.) – М.: Медицина. – 1991 г. – Том 2. -544 с.
6. Технология лекарственных форм. (Под ред. Ивановой Л.А.) – М.: Медицина. – 1991 г. – Том 1. -496 с.
7. Чуешов В.И. и др. Промышленная технология лекарств.– Харьков.– 2002.– в 2-х томах: 1-й том, 716 с., 2-й том, 557 с.

Дәріс № 11. Дәрілік құралдарды бөлшектеу мен орамдау процессінің негізгі типті технологиялық операциянды схемалар.

Лекцияның жоспары:

1. Қатты даналы ДТ-дің бөлшектеу мен орамдау процессінің типті технологиялық операциянды схемасы (ТТОС).
2. Жұмсақ ДТ-дің ТТОС-ы;
3. Конваллюталарды пачкаларға салу ТТОС-ы.

Технологиялық схемалардың бірқатары және қазіргі уақыттың жабдықтардың конструкциялары №4-7 лекцияда берілген, басқа жабдықтар және схемалар «ДТ-дің технологиясы мен биофармация» (7-8 семестрде) курсына қарастырылады.

Айтып кеткенге байланысты, осы лекцияда тұтынушылық орауыштардың бөлек түрлерін дайындау ТТОС-лары және тасқынды-механизацияланған линияларды құрастыру схемалары көрсетіледі. (өндірістің II, III және IV сатылары) винт оймасы бар қақпақтар полимерлі тартылып кигізілетін қақпақтар және айналдырып жабылатын алюминий қалпачоктер кең қолданылады.

Таблеткаларды (немесе дражені) мойнында винт оймасы бар флакондарға бөлшектеу мен орамдау процессінің ТТОС-ы.

Схема келесі типті операциядан тұрады:

- 1- Валда айналып тұрған барабандары бар үздіксіз істейтін автоматқа түскен флакондар (құтылар) жуу және кептіру операцияларға ұшырайды;
- 2- ДҚ-дың (таблеткалар, драже, гранулалар) порциясымен флаконды толтыру;
- 3- Флаконның ішіне ДТ-лер қимылдамай жату үшін мақта тампонын салу, немесе флаконды амортизациялық элементісі бар тығындауышпен тығындау;
- 4- ААБ-бен қамтамасыз ететін винт оймасы бар қақпақпен немесе айналдырып бекітілетін алюминий қалпачокпен флаконды жабу;
- 5- Этикетка жабыстыру;
- 6- Дайын біріншілік орауышты инструкциямен бірге картон пачкаға салу.

Даналы ДТ-ді контурлы ұяшықты орауыштарға орамдау ТТОС-ы

Даналы ДТ-лер ретінде контурлы ұяшықты орауышқа таблеткалар, драже, капсулалар, ампулалар, ГЛП орамдалу мүмкін. Әдетте контурлы ұяшықты орауыштың төменгі бөлігі ПВХ-пленкадан, ал жоғарғы бөлігі керекті жазу түсірілген алюминий фольгадан жасалынады. ПВХ-пленканы матрицаның формасына жеңіл келтіруге болады.

Осындай орауышты жасау және оған даналы ДТ-ді орамдау процесстің схемасы келесі операциялардан тұрады:

- 1- Белгілі (берілген) формасы мен өлшемдері бар линейлі немесе барабанды матрицалар көмегімен ПВХ-пленкада ұяшықтарды қалыптау;
- 2- Қалыпталған ұяшықтарға даналы ДТ-ді салу, бір мезетте бос ұяшықтардың қалыпкетуін болмауын тексеру;

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Фармацевттік өндірістің технологиясы» кафедрасы	044-48/11
«Дәрілік түрлерді бөлшектеу және орамдауға арналған машиналар мен автоматтар» пәні бойынша дәріс	Стр. 45 из 61

3- Ұяшықтарды үстінен фольгамен (алюминий, ламинирленген қағаз, картон) жабу, мезетте термиялық жолымен жабыстыру және серияның №- ін штамптау, ашуын фольганың ПВХ-пленкадан ажырауын болдырмайтын өрнек (кедір-бұдыр) салу;

4- Лентадан ДТ-рі бар дайын орауышты кесіп алу;

5- Дайын орауыштарда бір –бірінің үстіне жинақтау (стопка түрде) және жинақтарды (1,2,3,4,5 данадан) инструкциясымен бірге картон пачкаларға салу;

6- Дайын пачкаларды блоктарға жинақтау, блоктарды термиялық тартылатын пленкамен қаптау, орамдалған блоктарды транспортты тараға салу.

Қазіргі уақытқа дейін СНГ, сонымен бірге Қазақстан Республикасында, даналы ДТ-ді орамдау үшін контурлы ұяшықсыз орауыш қолданылады. Ол решетка түрде термиялық жабысқан (жабыспаған орындарда орамдалған өнім орналасады) екі қабатты лента болып көрінеді. Осындай орауыштардың материалдары: ішкі бетін ПЭ-мен ламинирленген целлофан (ПЦ-2 пленка), орауыш қағаз, алюминий фольга. Осы орауышқа орамдау процессі келесі операциядан тұрады (ТТОС):

1. Бір мезетте екі лентаны бір-бірінің алдына қарсы жылжыту, сонымен бірге олардың арасын даналы ДТ-ді (таблетка, суппозиторий, ампула) белгілі жылдамдықпен орналастыру. Орамдалынатын ДТ-дің өлшемінен жоғары (үлкенірек) сыртқы бетінде ұяшықтары бар айналып тұрған барабандардың көмегімен ленталарды бір-біріне жабыстыру;

2. Белгілі ұзындықпен лентаны арнайы қайшы көмегімен керекті кесіктерге бөлу;

3. Бөлінген кесіктерді есеппен картон коробкаға салу;

4. Коробкаларды қаппақпен жауып, блоктарға жинақтау және термиялық тартылып кететін пленкамен орамдау.

Сусымалы ДТ-ді (ұнтақтарды, микро-капсулаларды және т.б.) қаппақтары бар қатты капсулаларға бөлшектеу мен орамдау процессінің ТТОС-ы.

Қазіргі кезде таблеткаларды бір-біртіндеп капсулаларға олардың бірқатар артықшылықтарына байланысты алмастыру туралы №2 және №5 лекцияларда айтылған. Капсулалардың ішінде әртүрлі себептермен прстеуге болмайтын немесе қиын престелінетін сусымалы дәрілік препараттардың бірқатарын (ұнтақтарды, түйіршіктерді, микрокапсулаларды және т.б.) дозаланған түрде шығаруға болады. Қаппағы бар қатты капсулалар дәрінің жағымсыз қасиеттерін (дәмін, иісін, түсін) жасыруға мүмкіндік береді және дәрілік заттардың жарықтан қорғауын қамтамасыз етеді.

Осы ТТОС-ы келесі операциядан тұрады:

1- Машинаға жабылған түрде түсетін қатты капсулаларды ашу;

2- Капсуланың төменгі бөлігіне (түбіне) ұнтақтық немесе басқа сусымалы ДТ-дің өлшелген дозамен салу (бөлшектеу);

3- Капсулалардың төменгі бөліктерді қаппақтармен жабу;

4- Дайын капсулаларды флакондарға есеппен салу;

5- Амортизаторлық элементісі бар тығынмен флаконды тығындап қаппақпен жабу;

6- Флаконға этикетка жабыстыру;

7- Флаконды картон пачкаға инструкциясымен бірге орамдау.

Жағар майларды, пасталарды, кремдерді бөлшектеу мен орамдау процессінің ТТОС-ы

Жағар майларды, пасталарды, кремдерді бөлшектеу мен орамдау туралы, оларға қолданылатын орауыштардың түрлері туралы, өндірісте пайдаланатын машиналар мен автоматтар туралы №6 лекцияда айтылған. Дәрілік жағар майлар мен пасталарды ішкі беті лакпен өңделген алюминий тубаларға орамдайды, ал кішкентай (кіші) өндірістерде қазіргі күнге дейін оларды аузы кең әртүрлі көлемі мен конструкциясы (формасы) бар шыны

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	
 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Фармацевттік өндірістің технологиясы» кафедрасы	044-48/11
«Дәрілік түрлерді бөлшектеу және орамдауға арналған машиналар мен автоматтар» пәні бойынша дәріс	Стр. 46 из 61

флакондарға орамдайды. Алюминий тубалардың кең қолдануы келесі артықшылықтармен байланысты:

- Тұтынушылық қасиеттері жоғары (сынбайды және т.б.);
- Қолдану гигиеналығы жоғары;
- Сақтау жағдайлары қарапайым;
- Өндіріске жасауға енгізілген және кең қолданылады тубадан жағар майды дозалаған түрде шығаратын қондырғылар;
- ААБ қамтамасыз етілген және т.б.

Жағар майларды бөлшектеу мен орамдау процессінің ТТОС-ы келесі операциядан тұрады:

- 1- Тубаларды шаңсыздату (керекті кезде оларды жуу, кептіру, стерильдеу- көз жағар майлар үшін) –осы кезде тубаларды тазартылған ауамен үрлеп шаңсыздатады.
- 2- Бірнеше қуыс сопло және плунжерлі (немесе поршенді) насос көмегімен тубаларды толтыру;
- 3- Тубалардың жалпақ ұшында фальц жасау;
- 4- Тубаларды инструкция қағазымен бірге картон пачкаларға орамдау;
- 5- Пачкаларды блоктарға жинақтау және блоктарды термиялық тартылатын пленкаға орамдау немесе блоктарды қағазға бандероль түрінде орамдау.

Картон пачка (пенал) тұтынушылық орауыш ретінде қазіргі кезде өте көп және кең қолдану туралы атап айту керек. Толтырылған флакондарды, тубаларды, түтіктерді, конваллюталарды (яғни, контурлы ұяшықты және ұяшықсыз орауыштар) картон пачкаларға орамдау процессі келесі операциялардан тұрады:

- а) көлемдік орауыштар үшін (флакондар, тубалар, пробиркалар және т.б.);
- 1- тасымалдауыштың көмегімен флаконды фальц-аппараттың линиясына жылжыту;
- 2- (параллельді жүретін операция) –фальц-аппаратта инструкция қағазын (парағын) белгілі ретінде бүктеу және флаконның түбін қамтылған түрде флакон тасымалдауышқа орналастыру;
- 3- бір мезетте II-ші транспортердің тасымалдауыштары екі жағынан ашық картон пачканы флакон салатын позицияға жылжыту;
- 4-тасымалдауыштан бүктелген инструкциямен бірге флаконды копир арқылы жылжып тұратын итергіштер көмегімен ашық пачканың ішіне кіргізу;
- 5-жазу түсіретін қондырғының көмегімен пачканың клапанына керекті мәліметтерді (серияның №-ін, сақтау мерзімін) орнлату;
- 6- Пачканың екі жағындағы клапандарды жабу.
- 7- Дайын пачканы транспортер көмегімен блоктарға жинақтауыш және бандероль жасауыш столына тасымалдау.

б) конваллюталар үшін:

- 1- алдыңғы машинадан транспортер (1) арқылы конваллюталарды (2) ролик (3) көмегімен позициясындағы тиеуіш жинағышқа беру; Тиеуіш-жинағыш тербелу үдемелі-қайтармалы қозғалысты орындайды: алға жылжығанда оның жылдамдығы транспортердің (б) позициясына жылжу жылдамдығына тең болу керек, ал артқа жылжығанда (а-позициясында) – тез жылжу керек.
- 2- конваллюталардың бумасын (стопка) транспортерге тиеуіш- жинағыштан итергіш көмегімен беру;
- 3 а- пачканы (9) стапельден (8) беру және оны ашу;
- 3 б- транспортердің жылжыған кезінде конваллюталардың бумасының ашық пачкамен сәйкестендіру;
